


ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм және расизм:
арақатынасы, идеялар





Мақсаты: Ориентализмнен расизмнің алатын орнын анықтау. Батыстың Шығысқа расистік көзқарасына тоқталу.

Эдвард Саидтің айтуынша Шығысты шығармашылық тұрғыдан зерттеу толықтай немесе ішінара батыстық санаға тәуелді болды, ал Батыс ешбір талассыз айқын басымдылыққа ие болып тұрғандықтан (қолдан жасалған) «Шығыс» деген әлем пайда болды – зерттеулер алдымен шығыс адамы деген кім деген жалпы идеяға сәйкес жүргізілсе, кейін анағұрлым терең логикаға сәйкес, тек эмпирикалық ақиқат үшін қана емес, таусылмайтын мүдделер, қуғындар, инвестициялар, жобалар үшін де жүргізілді. Сильвестр де Сасидің «Араб хрестоматиясы» («Chrestomatie arabe»), Эдвард Уильям Лэйниң «Мысырлықтардың әдеби мен ғұрыптары» сияқты нағыз ориенталистік еңбектерімен қатар, Ренан мен Гобиноның расистік идеялары викториандық дәуірдегі порнографиялық романдардың әсерімен жазылды» [14].

Енді Саидтің осы тұжырымына тоқталайық:

1. Саид Шығысты зерттеген ғалымдарды неге расистер/нәсілшілдер деп атады?
2. Олар Шығыс халқына қандай нәсілдік сипаттама берді?

Алдымен расизмнің өзін анықтай кетсек, расизм (франц. race, итал. razza – топ, жануарлар немесе өсімдіктер түрі) – адамдардың биологиялық, психикалық және әлеуметтік қатынастарда бір-бірімен теңсіздігі жөніндегі ілім.

Нәсілшілдік теориясының жақтастары нәсілдік айырмашылықтардың тарихқа, мәдениетке, қоғамның даму қарқынына шешуші ықпал ететінін айтады. Жер бетіндегі халықтардың о бастан теңсіздігі жөніндегі көзқарастар өте ертеден, құлиеленушілік дәуірден бастау алады. Ал отарлық билік заманында бұл көзқарастар бұрынғыдан да күшейе түсті.

Расизм туралы жалпы тұжырымдаманы XIX ғасырдың ортасында француз Жозеф Артюр де Гобино ұсынған. Эдвард Саид өз еңбегінде осы көзқарастың ориентализммен тығыз байланысты ұғым екенін көрсетеді, себебі ол оның мағынасында теңсіздік ұғымы жатыр.

Граф Жозеф Артюр де Гобино (фр. Joseph Arthur comte de Gobineau; 14 шілде 1816 жылы, 13 қазан 1882 жылы) – француз жазушысы, романист, социологиядағы расистік-антропология мектебінің негізін салушылардың бірі, оның авторлық арийлік расизм теориясын кейіннен национал-социалистер басшылыққа алған. Бірнеше елде дипломаттық қызметте болған. Персияда болғанда Шығыстағы діни ілімдердің қағидаларымен танысқан.

1853–1855 жылдары төрт бөлімнен тұратын «Адам нәсілдерінің теңсіздігі туралы тәжірибе» /«Essai sur l'inégalité des races humaines» аталатын өзінің басты шығармасын жариялаған. «Адам нәсілдерінің теңсіздігі туралы тәжірибе» философиялық-тарихи жанрда жазылған еңбек. Онда көтерілген басты проблема ол – түрлі өркениеттердің құлдырауы мен жойылу проблемасы.

Шығармада ол өзінің нәсілдік-антропологиялық тұжырымдамасының тезистерін және олардың тарихи процестегі рөліне анықтама береді. Олар мынадай базалық постулаттарды көрсетеді:

1. Әлеуметтік өмір мен мәдениет – нәсілдік-антропологиялық факторлардың жемісі;
2. Нәсілдер өзара бір-бірімен тең емес, ал бұл тиісті мәдени құрылымдардың теңсіздігіне («басымдылықты», «кемістікті», «қауіпті») апарады;
3. Адамдардың әлеуметтік тәртібі, әрекеті толықтай немесе басым түрде биологиялық тұқым қуалаушылыққа тәуелді;
4. Нәсілдік араласу қауіпті.

Еңбектің негізгі тезисіне сәйкес, нәсілдік ерекшеліктермен байланысты теңсіздік және одан шығатын күрес халықтар дамуының қозғаушы күші саналады. Нәсілдер иерархиясын Гобино ұшсатылы баспалдақ түрінде көрсетті.

Гобино жоғары баспалдаққа «ақ», ортаңғы баспалдаққа «сары» және төменгі баспалдаққа «қара» нәсілді орналастырды. Барлық артықшылықтар мен өркениетті тудырудағы және дамытудағы басты рөлге «ақ» нәсіл ие болды. Бірақ «ақ» нәсілдің өз ішінде де иерархия бар, оның жоғары сатысында «арийліктер» тұрады деді.

Гобино сары шашты, көк көзді арийлерді «ең жоғары нәсіл» деп санады. Неміс нәсілдік теориясына сәйкес, бойында арийлік қаны барлар басқа ұлттардан биологиялық тұрғыдан



артық деп саналды. Ал «арий» деген сөздің өзі үнді-иран тілдерінде «лайықты, құрметті» деген мағына берген.

Нағыз арийлік өзінің барлық сипаттары арқылы өзгелерден бойы, терісінің, шашының, көзінің түсі, тіпті дене бітімі жағынан да ерекше делінеді. «Жер бетінде жасалған игіліктің барлығын «арийлер отбасы» жасаған, бұл тумасынан «нәсілдердің мырзасы», физикалық жағынан ең мықты, тартымды, ол ерекше энергияға, батылдыққа және жасампаз даналыққа ие» дейді.

Жозеф-Артюр Гобино арийліктерді «ақ нәсілге» жатқызады, олар басқа нәсілдермен қан араластырса «таңдаулы» нәсілдің қабілеттері төмендеп кетеді деп санады. Арийліктер өздерінің бірегейлігін түсіне отырып, тектің тазалығын сақтауға үлкен мән берген, содан әлеуметтік өмірдегі қатал иерархия туған, оның нақты мысалы – Көне Үндістанның касталық жүйесі.

Сонымен бірге Гобино арийлердің болашағына қатысты пессимистік көзқарас ұстанды: «Нәсілдердің бір-бірімен араласуы тоқтаусыз жүріп жатқандықтан, өркениетті сақтап қалу мүмкін емес. Кез келген өркениеттің жойылуы болмай қоймайтын құбылыс... Өзінің ықпал ету аумағын кеңейту үшін басқа нәсілдермен араласып жатқан батыс халықтары өз мәдениетінен де айырылуы мүмкін. Ал бұл жоғары нәсілдің биліктен айырылуына апарып соғады, оның орнына демократия келеді, ал демократия биліктің ең нашар формасы» деп санады.

Алайда Жозеф Артур де Гобино өзінің бұл гипотезаларын генетика арқылы тексере алмады, себебі ол кезде мұндай ғылым әлі болған жоқ.

Нәсілдердің бір-бірімен, әсіресе, міндетті түрде «ақ» нәсілмен араласуы алғашқыда өркениет дамуының мүлтіксіз қайнар көзі болады, бірақ ары қарай оның біртіндеп әлсіреп, соңында біржола жойылуына апарды деген көзқарасты айту арқылы Гобино өркениеттердің құлдырауы мен жойылу проблемасын шешпек болды.

Ғылымда жер бетіндегі нәсілдердің бірнеше классификациясы бар. Біздің олардың арасынан Гобиноның нәсілдік теориясын қарастыруымыз оның Саидтің еңбегінде аталуына, оған Саидтің жасаған сынына байланысты. Тағы бір назар аударатын жағдай – Гобиноның бұл тұжырымдамасы өз замандастары тарапынан қолдау таппаған және ол өзін «тектімін» деп дәлелдеуге тырысқанмен жоғары беделге ие бола алмаған.

Гобино «ақ» нәсіл элитарлы, сондықтан ол жылдам дамыды деп санаса, ал «сары» және «қара» нәсілдер бұл кезде жабайы өмір сүрді деген. Оның бұл тұжырымы ең ерте дәуірлерге қатысты, себебі Гобиноның заманында ол атаған барлық нәсілдер бір-бірімен араласып кеткен және өзіне тән дамудың белгілі сатыларынан өткен болатын.

«Қара» нәсілді Гобино иерархияның ең төмен сатысына қояды да оған жануарды сипаттағандай анықтама береді: «Ол ақылы жағынан ешқашан ең тар шеңбер аясынан шыға алмайды. Интеллект тұрғысынан дамымай қалғанмен, ақылдың орнына оларға аса қуатты ерік берілген, оларды жүгендеу мүмкін емес, сонымен бірге «ақ» нәсіл мен «қара» нәсілге берілмеген өткір дәм сезу, иіс сезу түйсіктері берілген».

Гобино «Сары» нәсіл «қара» нәсілдің қарама-қарсы түрі дей келе оған ұзақ сипаттама береді, нақты айтқанда: «Олар физикалық жағынан әлсіз, енжарлыққа бейім тұрады. Моральдік жағынан «сары» нәсіл «қара» нәсілдің бойындағы жалған қағидалардан таза. Ерік күшінің талаптарының әлсіз болуы олардың ақылсыздығынан емес, кертартпалығынан, олар материалдық игіліктерге жиі ұмтылады, мешкейлері көп, алайда негрлерге қарағанда тамақты таңдап, талғай алады. Барлық істе орташа болуға бейім, олар аса жоғары немесе тым терең емес нәрселердің бәрін түсінеді, пайдалының бәрін ұнатады, тәртіпке құрметпен қарайды, шектеулі бостандық беретін артықшылықтарды түсінеді. Сары түстілер тар мағынада алғанда өте нақты. Олар қиялға берілмейді, теориялық ой қорытуға бейімсіз, жаңа ештеңе ойлап шығармайды, олардың талаптары тыныш, мүмкіндігінше ыңғайлы өмір сүрумен шектеледі. Олардың негрлерден жоғары тұрғаны анық. Кез келген өркениет таратушы мұндай халықты өз қоғамының негізі ретінде таңдауына болады...».

«Тиісінше қытай тілі де өте көне, бірақ утилитарлы мақсатта, яғни нақты іске пайдалану үшін ғана жаратылған. «Қытай тілінде сөз мағынадан артық жоғарыламаған, бір буынды болып қалып қойған. Лексика дамымаған. Әдетте бірнеше туынды сөз топтарын тудыратын түбір мүлде жоқ. Барлық сөздер түбір болып саналады, олар өздері жеке емес, өзара бір-бірімен өте дәрекі формада тіркесу арқылы өзгереді. Тілдің грамматикасы өте қарапайым, бұдан тілдің



біржақтылығы көрінеді, бұл сан жағынан да, түр жағынан әртүрлі формаларға, өткір мағыналы тіркестерге және эстетикалық кемел идеяға үйренген ақыл-ой үшін түсініксіз. Алайда айта кететін бір нәрсе қытайлардың өздері мұнымен келіспеуі ықтимал».

Гобино өркениеттердің құлдырауы мен жойылуының себептері жайлы сұраққа жауап бермес бұрын өзіне басқа бір сұрақ қояды: әртүрлі нәсілдердің ішкі құндылықтарының арасында маңызды айырмашылықтар ма? Болса ол айырмашылықтарды анықтауға бола ма? Бұған өзі бұлай деп жауап береді: «нәсілдер физикалық және рухани белгілерінің тұрақтылығымен ерекшеленеді».

Гобино жоғарыда айтылғандай, ақ нәсілдің интеллектуалдық артықшылығының астын сызып көрсетеді, алайда басқа нәсілдердің сезім тұрғысынан артықшылықтарын айтады. Мысалы, оның ойынша қара нәсіл басқа нәсілдерден көркем шығармашылық жағынан жоғары және өнер қара нәсілмен араласқанда ғана туады. Бір жағынан қарағанда мұндай салыстырмалы сипаттамалар оны әртүрлі нәсілдерді салыстырғанда релятивизмге алып келуі мүмкін еді (релятивизм әлемдегі барлық заттар мен құбылыстар өзара тек салыстырмалы қарым-қатынаста болатынын нұсқайтын методологиялық қағида): яғни бір нәсіл басқасынан бір қырымен, екіншісі басқа қырымен жоғары тұрады. Алайда теңсіздіктің жақтаушысы мұндай қорытындыны, әрине, жасамайды.

Гобино ақ нәсілді басқаларынан физикалық күші, сұлулығы, табандылығы жағынан жоғары қояды. Алайда ол нәсілдік иерархияда ең басты шарт ретінде интеллект/ақылды қояды. Ақ нәсілдің зияткерлік қабілеті бәрінен жоғары болғандықтан, ол иерархия бойынша да ең жоғары сатыда.

Гобино өз заманында аталған үш нәсілдің «таза» типтері қалмағанын, олар тек ерте замандарда болғанын айта келе кейінгі уақытта олардың арасында сандаған түрлі алмасулар, байланыстар жүргеніне тоқталады. Ондай байланыстар мен алмасулардан басқалары туғанын және одан ары қарай жалғаса беретінін айтады.

Көрініп тұрғандай, Гобино ғылымның беделіне сүйене отырып, біржақты және жалған тұжырым жасайды, әсіресе оның түрлердің дамуындағы уақыттың рөлі жайлы пікірін бірден дұрыс түсіну қиын. Себебі ол нәсілдерді сипаттағанда оларды көне замандарда қарастырады да, артықшыларын қазіргі заман тұрғысынан айтады. Арада қаншама уақыт өткені жайлы мүлде сөз айтпайды. Осының нәтижесінде оның тұжырымдамасында «таза» типтер қазір өмір сүріп жатқандай болып шығады. Бұл, әрине, алғашқыда кез келген адамды ойландырып тастайды. Сондықтан Саид оған қатысты орынды сын-пікір айтты.

Тағы бір көңіл аударатын жағдай – «Адам нәсілдерінің теңсіздігі туралы тәжірибе» еңбегін Гобиноның бір де бір рет Европада басқа елге барып көрмеген уақытта жазуы. Ол Европада тұрған кезінде европалық емес басқа ұлттармен жиі кездесуі мүмкін де емес еді. Оның әртүрлі нәсілдердің салыстырмалы құндылықтары жайлы тұжырымы оның өмір сүріп жатқан айналасында бұрын қалыптасып қойған жаңсақ көзқарастардың негізінде туған болуы мүмкін. Дегенмен ол өзінің түрлі нәсілдердің жекелеген өкілдерін емес тұтастай топтарды қарастыратынын мойындайды.

Гобино адамзат тарихында өмір сүрген он өркениетті атайды және олардың барлығы өзінің жер бетінде туғанына «ақ» нәсілге қарыздар. Олар: үнді, мысыр, ассирия, грек, қытай өркениеттері, италия түбегіндегі көне өркениеттер, германдықтар жасаған Батыс өркениеті және Америкадағы үш – аллега, мексика және перуа өркениеттері.

Бұл тақырыпта көңіл бөлетін тағы бір мәселе – ол Гобиноның нәсілдердің араласуының зияндығы жайлы ойы оның антиколониялық көзқарасын анықтап бергені. Оның пайымдауынша, отарлық жаулап алулар нәсілдердің өзара араласуына алып келетіндіктен, Европа өркениеті біртіндеп өледі. Бұл жағдай оның осы мектептің көптеген басқа өкілдерінен ерекшелігін көрсетеді. Оның тағы бір қайшылығы – нәсілдердің араласуына қарсы болғанмен, ол отарлық жоспарларды жүзеге асыруда ақ нәсілдің «артықшылығын» жоққа шығармауында.

Гобино өз замандастарынан дамуға емес, кері регреске/кетуге сенетіндігімен де ерекшеленеді. «Алтын ғасырдың» өтіп кеткені, Европа мәдениетінің жаппай өлетіні жайлы жалпы тұжырыммен бірге ол нәсілдердің араласуы нәтижесінде Жердің бұқарадан ғана емес, «адамдардан» да айырылатынын болжайды.



Гобино өркениеттерді тұрғылықты орны бар, туудан бастап өлімге дейінгі барлық циклдерді жүріп өтетін тірі организм ретінде қарастырады. Ол «өркениетті» бағалаушы ұғым ретінде емес, таза сипаттаушы ұғым деп алады және оны әртүрлі, европалық емес те қоғамдарға қатысты қолданады.

Осылайша алдыңғы көптеген философиялық-тарихи және әлеуметтік жүйелердің европоцентризмі Гобиноның мәдени релятивизмімен алмастырылды. Ғылымда бүкіл әлемнің тарихы бір-бірімен қатар және өз бетінше өмір сүретін, дербес және толыққанды мәдениеттердің орын алмасуы деп қарастырылатын болды. Ал нәсілдік теңсіздік жайлы қағида әртүрлі өркениеттердің теңдігі жайлы көзқараспен қатар өмір сүре бастайды. Гобиноның расизм тұжырымдамасы өзінен кейін көптеген жаңа теориялық еңбектердің жазылуына себепкер болды. Әлемдік ғылымда Николай Данилевскийдің мәдени-тарихи типтер теориясы, Освальд Шпенглердің (1880–1936) «Европаның құлдырауы», Арнольд Тойнбидің (1889–1975) жергілікті өркениеттер концепциясы пайда болды. Шпенглерден жарты ғасырға жуық уақыт бұрын ол «Батыс әлемінің күнінің өтетіндігін» болжады.

Нацистік идеологтар Гётенің, Шиллердің мұрасын қате түсіндіргені сияқты, Гобиноның тұжырымдамасын да айтарлықтай бұрмалады. Олар Гобиноның немістерді европалық ұлттардың арасында басқалармен анағұрлым көп араласып кеткен ұлт екенін байқамаған болды, оның «германдар» жайлы көзқарасы Германияның қазіргі тұрғындарына қатысты айтылған сөз деп қарастырды. Гобиноның еврейлерге берген жоғары бағасы нацизм идеологтарының антисемиттік ойына мүлде сай келмеді.

Гобиноның фатализмі мен пессимизмі расистік постулаттарды тәжірибе жүзінде қолдануға кедергі болды, осы жағдай үшін оны герман национал-социализмінің атасы Хьюстон Чемберлен қатты сынға алды.

Гобино әдісі ең қарапайым ғылыми талаптың өзін сақтамайды, бұл әсіресе, оның тарихи фактілерді түсіндіруінен көрінеді. Қайталаулар мен теріс қолданылған сөз тіркестері жиі қолданылады. Мысалы, оның тұжырымы бойынша «нәсілдердің өзара араласуы бұл өркениеттердің жойылуының белгісі және осы жойылудың себебі». Бұл сөйлемнен ойдың еш мағынасыздығы көрінеді.

Гобино өзін өркениеттердің «өміршеңдігімен» айналысамын деп көрсеткенмен, ол іс жүзінде нәсілдердің «өміршеңдігімен» айналысады, себебі оны өркениет емес, нәсілдер мәселесі көбірек қызықтырады. Алайда Гобино биолог болмағандықтан бұл мәселені шеше алмайтыны түсінікті.

Гобино осылайша теңдіктің барлық түріне – таптық, нәсілдік теңдікке, қарсы шығады. Алайда нәсілдік теңсіздік ол үшін басты, іргелі болып саналды. Нәсілдік иерархиядан басқа иерархия түрлері туындайды, сондықтан ол тарихта басымдыққа ие. Осыдан Гобиноның бұл көзқарасының жалпы ғылыми, адамгершілік, моральдік, діни тұрғыдан қайшылығына байланысты оның Саидтің еңбегінде қарастырылу себебі көрінеді. Бұл – басқа қағидаларды есепке алмағанда Шығыс халықтарының басым бөлігі саналатын мұсылмандардың діни ұстанымына түпкілікті қарсы. Ислам дінінің жалпы адамзат баласының теңдігі, бір-біріне бауырмалдығы идеяларын біржола жоққа шығарып тастайды.

Гобиноның расизм тұжырымдамасы жоғарыда аталғандай тарихта ізсіз қалған жоқ. Х. Чемберленнің сынына қарамастан фашизм идеологиясына арқау болды, жалпы алғанда Европада танымал ілімдердің бірі болды.

Үстіміздегі 2018 жылдың 14 маусымындағы The Times of Israel басылымының хабарлауынша, Нобель сыйлығының лауреаты физик-теоретик Альберт Эйнштейннің жақында жарияланған күнделіктері оның расистік және ксенофобтық көзқарастарын танытады.

Басылымның мәліметтеріне сәйкес, күнделік Эйнштейннің 1922 жылы қазан айынан 1923 жылдың наурызы аралығында Таяу және Қиыр Шығысқа барған сапары кезінде жазылған. Күнделіктен берілген үзінділерде Эйнштейн қытайларды «еңбекқор, лас» деп сипаттаған. Ол «егер мына қытайлар басқа нәсілдердің барлығын ығыстыратын болса, жағдай өте өкінішті болады. Біз сияқтылар үшін ойдың мұндай қарапайымдылығы өте көңілсіз» деп жазады. Бұдан кейін ол қытайларға қатысты «мал отарына ұқсас нәсіл», «адам емес, автоматты түрде жұмыс істей беретін машинаға ұқсас», «әйелдері мен еркектерінің арасында айырмашылық жоқ десе де болады», «балалары рухсыз» деген сияқты қатал тіркестер қолданады.



Ал Цейлонда (Шри-Ланка) болғанда Эйнштейн былай деп жазады: «жергілікті тұрғындар лас жерде, күлімсі иістің ортасында өмір сүреді», «олардың істейтін істері де аз, қалайтын істері де аз, осындай бір тым қарапайым экономика».

Ал жапондықтар жайлы: «Жапонияда лайықты адамдар тұрады, жандары таза, мұндай адамдар сирек кездеседі» дегенмен, «жапон ұлтының интеллектуалдық қажеттіліктері эстетикалық қажеттіліктерінен анағұрлым төмен» деп санайды.

Алайда дәл осы The Times of Israel басылымы кейіннен бұл сапарлардан кейін Эйнштейннің өзінің бұл пікірінен бас тартқанын, АҚШ-та азаматтық құқық қорғаушысы болғанын жариялайды.

Бұл жағдай расистік көзқарас Европада ХХ ғасырда жоғары интеллектуалдық ортада ашықтан ашық таралғанын, ал Гобиноның тұжырымы өз отаны Францияда емес, Эйнштейннің отаны Германияда кең тарағаны және әлемдік ғылымның атақты тұлғасының көзқарасына әсер еткені айқын көрінеді. Расизмге қатысты сөз қозғалағанда осы ілімнің ғылымдағы орны ғана емес, оның адамзат пен Гобино айтқан өркениеттер тарихына әсерін білу қажет. Біздің ойымызша расистік көзқарасты ұстанған ғалымдардың (мейлі ол Нобель сыйлығының лауреаты болса да) ғылымдағы еңбектері мен адамзат дамуына қосқан орасан үлестері олардың сол өркениетке қарсы айтқан пікірін ешуақытта ақтай алмайды. Себебі расизмнің не екенін көзі ашық, зиялы қауым ғана емес, сол қанау мен қиянатты басынан кешкен олар «білімсіз, ақымақтар» деп сипаттағандар да жақсы біледі. Бұл Эдвард Саидтің ориентализмінен бұрын анықталған ақиқат. Ал Саид расизмді отанынан айрылып босып кеткен халықтың өкілі, жалпы адами құндылықтардың қорғаушысы ретінде айыптады. Нақтылай кетсек, ол расизмнің басқа ағымдармен тығыз байланыста тарайтынын айта келіп оларды былай деп сынайды: «Расизмнің, мәдени стереотиптердің, саяси империализмнің, гуманизмнен алшақ идеологияның шырмауы әр арабты немесе мұсылманды шырмап тастайтыны соншалық, әрбір палестиндік ол шырмауды өзімнің ауыр тағдырым деп қабылдайды». Бұдан кейін ориентализмді қалайша тек теория, ол кітапта ғана өмір сүреді деуге болады? Жауабы түсінікті деп ойлаймыз.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Саид Шығысты зерттеген ғалымдарды неге расистер/нәсілшілдер деп атады?
2. Расистер Шығыс халқына қандай нәсілдік сипаттама берді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Гобиноның расистік теориясына тоқталыңыз.
2. Жер бетіндегі нәсілдер қалай бөлінетіні жайлы баяндаңыз. Қандай классификациялар бар?
3. Альберт Эйнштейннің күнделіктерімен (жолжазбалары) танысыңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://vikent.ru/author/1541/>.
4. <http://www.vokrugsveta.ru/news/218030/>.